

Мамандық атауы және шифры: 6B07101– Көлік, көлік техникасы және технологиялары

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы - 2023

Компоне нт	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны ҚР/ЕСТС
Модуль 4-Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және спорт (12 академиялық кредит)				
БП ЖК	UR 2204	Ұлттық руханият	3	3
ЖББП МК	Fil 2108	Философия	3	5
ЖББП МК	DSh 2109	Дене шынықтыру	3,4	4
Модуль 5 - Базалық техникалық пәндер (26 академиялық кредит)				
БП ЖК	МКМТ 2205	Материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы	4	5
БП ЖК	МВКН 2206	Машина бөлшегі және конструкция негіздері	4	5
БП ЖК	АсКК 2207	Автосервистік қызмет көрсету	3	5
БП ЖК	КР 2208	Көліктік психология	3	5
БП ЖК	ТМ 2209	Техникалық механика	4	6
Модуль 6 - Көліктегі заманауи технологиялар (22 академиялық кредит)				
БП ЖК	КРМН 2210	Көліктік процестерді модельдеу негіздері	3	5
БП ЖК	ZKK 2211	Заманауи көлік құралдары	3	5
БП ЖК	GZA 2212	Ғылыми зерттеуді әдістері	4	5
БП ЖК	АРМ 2213	Автокөлікте пайдалану материалдары	4	4
БП	OндP	Өндірістік практика	4	3

Модуль 5 - Базалық техникалық пәндер

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы

Бағдарлама авторы Каукаров А.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Автомобиль құрылысында негізгі технологиясымен, материалдардың әртүрлі құрылысымен және оның шешілу жолдарымен танысу. Қара және түсті металлургия агрегаттарында өтетін үрдістердің жалпы заңдылықтарын меңгеру; үрдістің материалдық және жылулық баланстарын есептеу әдістерін меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Металдар жөніндегі жалпы мәліметтер. Қорытпалардың теориясы, Темір-көміртекті қорытпаларының күйінің диаграммасы. Көміртекті болаттар, Легіріленген болаттар. Арнайы болаттар мен қорытпалар. Шойындар, Болатты термиялық өңдеудің теориялық негізі Болат пен шойынның термиялық өңдеуінің технологиялық процесі. Түсті металдар мен қорытпалар.

Пререквизиттер: Физика, Химия, Математика.

Постреквизиттері: Технологиялық жабдықтарды жобалау және пайдалану, Көлік техникасын жөндеу және өндіріс технологиясының негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) студенттердің негізгі құрылымдық материалдарды механикалық өңдеу бойынша белгілі бір дағдыларды меңгеруі. В) Материалдарды өңдеу бойынша негізгі станоктардың конструкциясы мен жұмыс принциптерін зерделеу. С) маңызды техникалық міндеттерді шешу. D) Материалдарды өңдеу станоктары. E) студенттерде Машиналар, механизмдер мен аспаптардың бөлшектері үшін оңтайлы материалды таңдау бойынша ғылыми негізделген дағдыларды дамыту.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Машина бөлшегі және конструкция негіздері

Бағдарлама авторы Каукаров А.К.

Курсты оқытудың мақсаты Негізгі механизм мен машиналар құрылысының теориялық негіздері; қорытынды схемалық көрсеткіштердегі машина агрегаттарын жобалау және зерттеу әдістері; әр түрлі машина типтерін динамикалық моделдеу әдістері туралы білім мен дағды алуға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Техникалық жағдайдың өзгеру заңдылықтары. Техникалық жағдай параметрлері, әдістері және оларды анықтау құралдары. Механизмдер құрылымы: негізгі түрлері, құрылымдық талдау және механизмдер синтезі; механизмдерді талдау: кинематикалық, күштік, динамикалық; жетектер динамикасы; механизмдердегі күштер мен массаларды теңестіру; машиналардың орындаушы органдарының қозғалысын басқару негіздері. Негізгі механизм мен машиналар құрылысының теориялық негіздері; қорытынды схемалық көрсеткіштердегі машина агрегаттарын жобалау және зерттеу әдістері; әр түрлі машина типтерін динамикалық моделдеу әдістері

Пререквизиттері: Математика, Физика, Теориялық механика

Постреквизиттері: Машиналар бөлшектері, Технологиялық жабдықтарды жобалау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) қауіпсіздік жүйесі, қауіптілік идентификациясы, тәуекелділікті бағалау; В) Механизмдер құрылымы: негізгі түрлері, құрылымдық талдау және механизмдер синтезі; С) машина жасау типті бұйымдарының модельін құру; D) Механизмдерді талдау: кинематикалық, күштік, динамикалық; жетектер динамикасы. Негізгі механизм мен машиналар құрылысының теориялық негіздері білу; E) Қорытынды схемалық көрсеткіштердегі машина агрегаттарын жобалау және зерттеу әдістері; әр түрлі машина типтерін динамикалық моделдеу әдістері алгоритмдерінің жалпы принциптерін оқып үйрену.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Автосервистік қызмет көрсету

Бағдарлама авторы Куанышев М. К

Курсты оқытудың мақсаты Курстың мазмұны білім алушылардың техникалық біліктілігін көтеруге, кәсіптік дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Пәннің қысқаша мазмұны Пәннің мақсаты арнаулы инженерлік пәндерді игеруге қажетті білім беріп дағдыландыру, қызмет көрсету саласы туралы жалпы түсініктер. Техникалық автосервистің пайда болу және даму тарихы. Қызмет түрлері, оларды ұсыну процесі, нормативтік-құқықтық реттеу. Автокөлік пен автокөлік иелеріне қызмет көрсету жүйесі. Автосервис қызметтері объектісінің ерекшеліктері, сонымен бірге өндіріс

жағдайында қызмет атқара алатын білікті инженер мамандар даярлау. Курстың негізгі міндеттері өндіріс техникасы мен әр түрлі құрал жабдықтарды таңдау, есептеу және пайдалану негіздері теориясын үйретеді. Кешенді пән ретінде «Теориялық механика», «Материалдар кедергісі», «Механизмдер мен машиналар теориясы» және «Машина бөлшектері», «Автомобиль жасау технологиясының негіздері» курстарының негізгі қағидаларын қамтиды.

Пререквизиттері: Сызба геометриясы және инженерлік графика. Көтеру-тасымалдау машиналары. Автокөлікте пайдалану материалдары. Автомобиль жасау технологиясының негіздері.

Постреквизиттері: Көлік құралдарының динамикасы және пайдалану қасиеттері. Көлік құралдарын жөндеу технологиясы. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және диагностикалау.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Пәннің негізгі мәселелері көлік құралдарының құрылымы мен конструкциясын жоғары деңгейде меңгеру; В) Жабдықтар мен аспаптардың жұмыс қабілеттілігінің негізгі критерийлерін ескеру; С) Сервистік қызмет көрсету кезінде типті бұйымдарының модельін құру; D) Тораптар мен агрегаттарды реттеу автокөліктің жұмысқа қабілеттілігін сақтау және қалпына келтірудегі жалпы принциптерін оқып үйрену; Е) Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету жүйесі бойынша алдын-ала жоспарлау болып табылады және әрбір қызмет көрсету үшін көзделген барлық жұмыстарды меңгеріп, атай білуге міндетті.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы: Көліктік психология

Бағдарлама авторы: Қуанышев М.Қ.

Пәннің мақсаты: студенттерде автомобиль көлігінде инженерлік психология (автокөлік психологиясы) бойынша қалыптастыру және оларды жүргізушілерді оқыту мен оқыту әдістерін жетілдіру, ғылыми негізделген еңбек және демалыс режимдерін әзірлеу, автомобильдер мен жолдарды пайдалану кезінде адамның психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін есепке алу, жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша одан әрі практикалық қызметте пайдалану болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Көліктік психология» пәні көше-жол желісіндегі қозғалысқа қатысушылардың психологиясын және адам мен машинаның өзара әрекеттесу процестері мен құралдарын зерттейді. Көліктік психологияның міндеттері: ғылым психологиясы техника мен еңбек жағдайларын адамға бейімдеу мәселесін және техникалық ғылым адамды технологияға бейімдеу мәселесін шешеді.

Пререквизиттері: Жол қозғалысын ұйымдастыру;

Постреквизиттері: Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) жүргізуші – автомобиль-жол жүйесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылдың ерекшеліктері; В) әртүрлі жол және климаттық жағдайларда автомобильді басқарудың психофизиологиялық ерекшеліктері; С) жүргізушілердің физикалық және психикалық қасиеттеріне қойылатын талаптар, оларды зерттеу және оқыту әдістері; D) жүргізушілердің еңбегін ғылыми ұйымдастыру әдістері; Е) жүргізушінің жұмыс орнына қойылатын инженерлік – психологиялық талаптар.

Студент жұмыстың сенімділігін арттыру мақсатында жүргізушілердің психофизикалық қасиеттерін, олардың жағдайын бағалау үшін техникалық құралдар мен әдістерді қолдану бойынша білім мен практикалық дағдыларды алуы керек.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы Техникалық механика

Бағдарлама авторы Мурзағалиев А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты Пәннің мақсаты арнаулы инженерлік пәндерді игеруге қажетті білім беріп дағдыландыру, сонымен бірге өндіріс жағдайында қызмет атқара алатын білікті инженер мамандар даярлау.

Пәннің қысқаша мазмұны Курстың мазмұны студенттердің техникалық біліктілігін көтеруге, кәсіптік дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған. Курстың негізгі міндеттері өндіріс техникасы мен әр түрлі құрал жабдықтарды таңдау, есептеу және пайдалану негіздері теориясын үйретеді. Кешенді пән ретінде «Теориялық механика», «Материалдар кедергісі», «Механизмдер мен машиналар теориясы» және «Құрылым жасау негіздері мен машина бөлшектері» курстарының негізгі қағидаларын қамтиды.

Пререквизиттері Сызба геометриясы және инженерлік графика, Физика, Математика.

Постреквизиттері Машиналар және механизмдер теориясы, Автоматты басқару теориясының негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер А) Пәннің негізгі мәселелері жобалау мен конструкциялау; В) жұмыс қабілеттілігінің негізгі критерийлерін ескеру; С) машина жасау типті бұйымдарының модельін құру; D) есептеу алгоритмдерінің жалпы принциптерін оқып үйрену; E) Кешенді қосылыстарын құрылымын біліп, атай білуге міндетті.

Модуль 6 - Көліктегі заманауи технологиялар

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Көліктік процестерді модельдеу негіздері

Бағдарлама авторы Куанышев М. К

Курсты оқытудың мақсаты Көлік және логистиканы цифрландыру. Секторды цифрландыруды шешу үшін негізгі міндет-транзиттік жүктерді тасымалдау көлемін ұлғайту. Жаңа заман талаптарына сәйкес өндірісті цифрландыру және ғаламдық жаңғырту шеңберінде өндірістің келесі негізгі бағыттарын дамытады: көлік пен логистиканы цифрландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны Көлік құралдарын, инфрақұрылымды, пайдаланушыларды және ақпараттық технологияларды жүйелі біріктіру үшін зияткерлік көлік жүйесі әзірленетін болады, ол кезең-кезеңмен енгізу кіші құрамдастарынан, оның ішінде автожолдарды пайдаланғаны үшін қаражат жинауды. Автоматтандыруға арналған техникалық құралдар кешенінен, негізгі автомобиль көлік дәліздерінде орнатылатын көлік құралдарын тоқтатпай қарқынды жүйеден, жол қозғалысын басқару жүйесінен тұрады. Осының барлығы жүргізушіге жолдағы жағдай туралы хабарлауға, климаттық жағдайларды талдау және болжау жүйесін құруға, бейнебақылау жүйесін пайдалануға және ЖҚЕ бұзушылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Пререквизиттер: Жоғары математика, тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару, логистика, жол қозғалысын ұйымдастыру.

Постреквизиттер: дипломдық жобада модельдеу, қолдану

Оқытудың күтілетін нәтижелері: А) Қазіргі кезеңде қоғамдағы нарықты дамытуды талап ету; В) Бұл технологиялар басқару субъектілеріне басты мәселелерді шешуге үлкен мүмкіндік береді; С) Сыртқы әсерлерге тез бейімделген оңтайлы; D) Ақпараттық технологиялар қызмет саласының тиімділігін арттырудың негізгі шарты болып табылады; E) қызмет көрсету саласын ақпараттандыру мәселелері алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды енгізуді талап етеді.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Заманауи көлік құралдары

Бағдарлама авторы Ахметов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Автокөлік техникаларының құрылысы. Аспа конструкциясы, түрлері, олардың классификациясы. Қозғалқыштар және жүйелеріндегі

жұмыстылықты қамтамасыз ету. Көлік техникасының трансмиссиялары және жаңа модельдері, агрегаттар, түйіндер. Автокөлік техникаларының басқару жүйесінің жұмыстары: рульдік басқару, тежеу жүйесі. Қауыпсіздік жүйеслері, светотехникалық және қосымша жабдықтар.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қолданыстағы автомобиль техникаларының конструкциясына сауатты деңгейде сараптама жасау, олардың механизмдерінің іс-әрекеттері мен құрылыстары, олардың динамикалық жұмыстарындағы өзгеру заңдылығын тану, нақты өндірістік жағдайда олардың жақсаруындағы машиналарды пайдалану кезіндегі әрекеттерді анықтай білу.

Пререквизиттері: Материалтану. Конструкциялық материалдардың технологиясы, Сызба геометриясы және инженерлік графика

Постреквизиттері: Көлік техникасының сенімділігі, Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Көлік техникалары конструкциясының негіздері және жүк автокөліктердің конструкциялық ерешеліктерін болашақ мамандар машиналардың сапалы жұмыс жасау жағдайында диагностиканың әдістеріндегі сапасы мен бағасы; В) техникалық көрсеткіштерін реттеу арқылы машина мен механизмдерінің жұмыстарын дұрыстау; С) машиналардың сипаттамаларының көрсеткіштерін анықтауға есептеулерді жүргізуді біліп меңгеру; D) Сенімділік мәселелерін шешу әдістерін қолдануға практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін практикум жоспарланған; E). кешенді қосылыстарын құрылымын біліп, атай білуге міндетті.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Ғылыми зерттеудің әдістері

Бағдарлама авторы Мурзағалиев А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты Студенттерге ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, оларды тәжірибеде қолдану, жұмыс барысында негізгі ғылыми заңдылықтарды өндіріспен ұштастыра білу дағдыларын арттыру.

Пәннің қысқаша мазмұны Өмірлік циклдің алғашқы кезеңдері ғылыми-зерттеу жұмысы және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардан басталады. Процесінде іске асырылатын жаңа идеялар түріндегі жаңалықтар мен өнертабыстарды жан-жақты тексеру туындайды. Ғылыми проблемалардың теориялық алғышарттар шешімі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріледі, бұл ғылыми зерттеулердің өндіріске өтпелі кезеңі. Ғылыми зерттеу жұмыстарының маңыздылығы және оның тарихи даму сатыларын сипаттау. Ғылыми зерттеу жұмысының түрлерін оқытып таныстыру. Гепотиза туралы түсінік. Теориялық зерттеуінің тәсілдері сатылары. Математикалық модельдеу әдісімен танысу. Сандық зерттеу тәсілдерін, негізгі әдістерін сипаттау. Теориялық зерттеудің түрлері: Сараптау, индукция, дедукция әдістерін қолдану. Экспериментальды зерттеудің маңыздылығы негізгі талаптары және шарттары. Зерттеудің нәтижелерін өңдеу, математикалық статистикалық әдістерін қолданып зерттеу нәтижелерін сынау. Өлшем нәтижелерінің дәлдігі ауытқулары. Ғылыми жұмысының әдістемелік жабдықтау. Материалдық техникалық базасын қамтамасыз ету. Зерттеу нәтижелерін жинақтау жіктелу. Жұмыс қорытындысын өндіріске енгізу.

Пререквизиттері: физика, математика

Постреквизиттері: Көліктің энергетикалық қондырғылары, Көлік техникалық – конструкция негіздері, Көлік техникасының пайдалану негіздері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Ғылыми зерттеу пәнің оқу барысында студенттер табиғи объективтік даму процестерін білу; В) Олардың негізгі заңдылықтарымен таныс болуы; С) Ғылыми техникалық саласындағы фундаментальдық заңдылықтарды оқып игеру; D) Негізгі ұжымдарын тәжірибеде қолдана білу; E) Өндірісте қолданылатын машиналарды, қондырғыларды стандарттау сертификаттау сынақтардан өткізу, олардың

физикалық химиялық процестерін толық игеріп өндіріс жағдайында ерекшеліктеріне сай қолдану.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Автокөлікте пайдалану материалдары

Бағдарлама авторы Қуанышев М. К

Пәннің мақсаты: кәсіптік білімнің негізі ретінде жалпы кәсіптік және экономикалық табиғаты, жобалау саласында теориялық білім мен практикалық тәжірибе беру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Автопайдалану материалдары - бұл материалдар арнаулы инженерлік пәндерді игеру үшін қажетті білімді игеру, қызмет көрсету саласы туралы жалпы түсініктер болып табылады. Майларды, жағармайларды, арнайы сұйықтықтарды жіктеу. Автомобиль отынының түрлері. Автомобиль отындары мен майлау материалдарын алу тәсілдері. Қызмет түрлері, оларды ұсыну процесі, нормативтік-құқықтық реттеу. Конструкциялық-жөндеу материалдары, резеңке, тығыздау, қаптау, оқшаулау және қорғау материалдары. Отынның, жағармай материалдары мен арнайы сұйықтықтардың сапасын анықтау және оларды пайдалану жөнінде ұсыныстар беру. Отынның қажетті мөлшерін анықтау, отынды, жағармай материалдарын және арнайы сұйықтықтарды іріктеу. Отынның, майлау материалдарының үнемді шығынының, өндіріс техникасы мен түрлі жабдықтарды есептеу мен пайдаланудың рөлі туралы.

Пререквизиттер: Сызбалық геометрия және инженерлік графика. Көтергіш-көлік машиналары. Жалпы химия. Қазіргі заманғы көлік құралдары.

Постреквизиттері: Көлік құралдарының динамикасы және пайдалану қасиеттері. Көлік құралдарын жөндеу технологиясы. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және диагностика.

Күтілетін нәтижелер: А) көлік құралдарының конструкциясы мен конструкциясын жоғары деңгейде меңгеру пәнінің негізгі мәселелері; В) жабдықтар мен аспаптардың жұмыс қабілеттілігінің негізгі критерийлерін есепке алу; С) негізгі жанар-жағар май материалдарын (ЖЖММ), арнайы сұйықтықтарды және конструкциялық-жөндеу материалдарын есепке алу; D) осы пәнді зерделеу кезінде алынған мәліметтер автомобиль көлігі мамандарына да материалдарды ұтымды пайдалануды ұйымдастыру үшін қажет және отандық, сондай-ақ шетелдік автомобиль материалдарын пайдаланудың нақты міндеттерін шешуге мүмкіндік береді; E) конструкциялық-жөндеу материалдары, резеңке, тығыздау, қаптау, оқшаулау және қорғау материалдары. жүйе бойынша және әрбір қызмет үшін көзделген барлық жұмыстарды иеленуге және атауға міндетті.

Мамандық атауы және шифры: 6В07101– Көлік, көлік техникасы және технологиялары

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы - 2022

Компонент	Пән коды	Пәннің атауы	Семестр	Кредит саны КР/ЕСТС
Модуль 7 - Автокөлік өндірісін пайдалану және басқару (20 академиялық кредит)				
КП ЖК	КТЕК 3301	Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары	5	5
КП ЖК	KTSN 3302	Көлік техникасының сенімділігінің негіздері	5	5
БП ЖК	КТТПН 3214	Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері	5	5
БП ЖК	МК 3215	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
Модуль 8.1 - Көліктегі автоматтандыру және қызмет көрсету (20 академиялық кредит)				
КП ТК	GBZhКТВ 3303	Газ-баллонды жабдықтардың құрылысы және техникалық баптау	5	5
БП ТК	AEZh 3216	Автокөліктің электр жабдықтары	5	5
БП ТК	КАТ 3217	Көліктің арнайы түрлері	6	5
БП ТК	AKABZh 3218	Автокөліктегі автоматты басқару жүйелері	6	5
Модуль 8.2 Көлік саласын автоматтандыру (20 академиялық кредит)				
КП ТК	KNKZh 3303	Көліктің негізгі құрылымдық жүйелері	5	5
БП ТК	TZhKEZh 3216	Теміржол көлігінің электр жабдықтары	5	5
БП ТК	ZhKM 3217	Жол-құрылыс машиналары	6	5
БП ТК	PKABZh 3218	Поезд қозғалысын автоматты басқару жүйелері	6	5
Модуль 9.1 - Логистика және жобалау (20 академиялық кредит)				
КП ТК	KPL 3304	Көліктік процестер және логистика	6	5
КП ТК	MSSL 3305	Метрология, стандарттау және сертификаттау және лицензиялау	6	5
БП ТК	SGMMGP 3219	Сұйықтар мен газдар механикасы және машиналардың гидро-пневможетегі	5	5
КП	ОР	Өндірістік практика	6	5
Модуль 9.2 - Көліктік жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру (20 академиялық кредит)				
КП ТК	KL 3304	Көлік логистикасы	6	5
КП ТК	OASTO 3305	Өзара алмастыру, стандарттау және техникалық өлшемдер	6	5
БП ТК	KTMGPPZh 3219	Көтеру-тасымалдау машиналарының гидро-пневможетектері	5	5
КП	ОР	Өндірістік практика	6	5

Модуль 7 - Автокөлік өндірісін пайдалану және басқару (20 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары

Бағдарлама авторы Ахметов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты Студенттердің Энергетикалық қондырғыларды тағайындау туралы, құрылғылар негіздері, жұмыс істеу принциптері, жұмыс ерекшеліктері, әр түрлі көлік техникасының энергетикалық қондырғылары туралы және оларда өтетін процестердің теориясын зерттеу негізінде білім алуы, негізгі техникалық-экономикалық, тиімді және экологиялық сипаттамаларды арттыру жолдарын анықтау.

Пәннің қысқаша мазмұны Энергетикалық қондырғылардың жіктелуі; энергоқондырғылардың әрекет принципі, есептеуі және құрылымы; энергоқондырғылардың қуатын көтеру әдістері, олардың сипаттамалары; көлік энергоқондырғыларының даму перспективалары; көлік техникасына энергожабдықтарды таңдау, жұмыс ерекшеліктері. Конструкциялық ерекшеліктері, ауаны беру жүйесінің жұмыс істеу қағидасы, пайдаланылған газдар, отынмен жабдықтау, жұмыс режимдерін автоматты түрде басқару, бітеу бөлшектерін майлау, тораптарды салқындату, жылу және кернеу. Энергетикалық қондырғылардың принциптік, құрастыру және кинематикалық схемалары: әр түрлі мақсаттағы қазіргі поршеньді қозғалтқыштардың негізгі тораптарының конструктивтік ерекшеліктері.

Пререквизиттері: Физика. Жоғары математика. Механизмдер мен машиналар теориясы. Машина бөлшектері.

Постреквизиттері: Дипломдық жұмыс. Көліктің арнайы түрлері. Технологиялық құрылғыларды пайдалану және жобалау негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Елдегі және шет елдердегі автомобиль көліктерінің конструкцияларының даму тенденциялары мен жағдайы туралы; В) конструкциялық ерекшеліктері туралы; С) мамандандырылған жылжымалы құрамның қосымша түйіндері; D) агрегаттарының құрылғылары туралы білу; E). кешенді қосылыстарын құрылымын біліп, атай білуге міндетті.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Көлік техникасының сенімділік негіздері

Бағдарлама авторы Мурзағалиев А.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты Көлік техникасының сенімділігінің қажет деңгейін қамтамасыз ету мәселелерін шешуге әдістемелік ыңғайларды зерттеу және қолдану, машинаны техникалық жүйе ретінде қарастыратын жүйелік бағытты негіздеу және сенімділікті қамтамасыз ету процесін логика жағынан және қолданатын құралдар жағынан жүйе ретінде қарасу.

Пәннің қысқаша мазмұны Техникалық жүйелер сапасының өгеру себептері және онқамтамасыз ету проблемалары. Көлік техникасының жұмыс қабілеттілігі және сенімділікті басқару әдістері. Көлік техникасында сенімділікті қамтамасыз ету проблемасы. Сенімділік туралығылым және оның даму бағыттары.

Пререквизиттері: Математика. Машина бөлшектері мен механизмдері. Көлік құралдары. Көлік қозғалтқыштары. Автомобильде пайдаланатын материалдар. Электротехника және электроника негіздері.

Постреквизиттері: Көлік техникасының конструктивтік қауіпсіздігі, Көлік инспекциясының қызметі. Автомобильдер теориясы. Жүк және жолаушылар тасымалындағы арнайы автомобильдер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Автокөлік техникаларының әртүрлі құрылымдарының тарту және пайдалану қасиеттеріне талдау жүргізу дағдысын меңгеру және оны перспективті модельдерді жобалағанда және қолданыста жүргендерін ұтымды

пайдаланғанда қолдана білу; В) Қауіпсіздік жүйесі, қауіптілік идентификациясы, тәуекелділікті бағалау; С) Машина жасау типті бұйымдарының модельін құру; D) Өмір сүру қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау облысы бойынша негізгі мәселелерді білу; E) қауіпсіздік жүйесін ұйымдастыруды білу және орындау, есептеу алгоритмдерінің жалпы принциптерін оқып үйрену.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері

Бағдарлама авторы Мурзағалиев А.Ж

Курсты оқытудың мақсаты Бұл пәнді оқытудың мақсаты автомобильдің негізгі техникалық-пайдаланушылық қасиеттерін, техникалық жағдайының өзгеру заңдылықтарын және себептерін, автомобильдердің техникалық жағдайын және жұмыс қабілеттілігін қадағалау тәсілдерін, диагностикалық процестерін, техникалық қызмет көрсету (ТҚК) және ағымдағы жөндеудің (АЖ) технологиясын үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны Кіріспе. Автомобильдердің техникалық жағдайларының өзгеру заңдылықтары. Техникалық қызмет көрсету және автомобиль көлігінің қоғалмалы құрамын жөндеу жүйесі. Автомобильдерге және оның агрегаттарына техникалық қызмет көрсетудің технологиялық процестері. Инженер-техникалық қызметтер жұмыстарын ұйымдастырудың түрлері мен тәсілдері. Өртүрлі жағдайда автомобильді пайдалану.

Пререквизиттер: Математика. Машина бөлшектері мен механизмдері. Көлік құралдары. Көлік қозғалтқыштары. Автомобильде пайдаланатын материалдар. Электротехника және электроника негіздері.

Постреквизиттері: Жүк және жолаушылар тасымалындағы арнайы автомобильдер. Диплом жобасы.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) ТҚ көрсету және жөндеудің ұтымды жүйесі, көлікті техникалық жарату тиімділігінің кешенді көрсеткіштері. В) Автомобильдерді техникалық пайдаланудың теориялық негізін зерделеу, көлік техникасының жұмыс қабілетін қамтамасыздандырудың стратегиясы мен әдісі. С) Автомобильдерді техникалық пайдалану нормативі, қызмет көрсету құралының жұмыс өнімділігі мен өткізу қабілетінің түзілу заңдылығын. D) Автомобильдерге техникалық қызмет көрсетудің алдыңғы қатардағы техникасы мен технологиясын, оны ұйымдастыру және басқарудың ұтымды формасын, ТҚ көрсету және жөндеудің кешенді көрсеткіштер жүйесін. E) ТҚ көрсету және жөндеудің прогресшіл технологиясы мен техникасын өндіріске енгізу, техникалық пайдаланудың нақты жағдайына лайықтап ТҚ көрсету және жөндеу жұмысын ұйымдастырудың тиімді формасын таңдау тәсілін.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Ибраимов Т.С.

Курсты оқытудың мақсаты: Мамандандырылған басшылық орындайтын инженерлік қызметке студенттерді дайындау болып табылады. Терең білім мен оның ішкі байланысы негізінде ұжымды басқару әдістері мен құралдарын меңгеру, басқарудың тәжірибесін қолдану, маңызды қорлар мен жоғары нәтижелерге жетудің факторлары болып табылатын басқару қызметінің жаңа жолдарын жасау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Өндірісті басқарудың және жоспарлаудың, ұйымдастырудың қазіргі заманғы міндеттері. Нарық жағдайындағы автомобиль көлігі. Еңбек жоспары.

Пререквизиттері: Математика, Информатика, Көлік логистика

Постреквизиттері: Дипломдық жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: Кәсіпорынды басқару да, ұйымдастыру да маңызды міндеттерді шешудің ғылыми-теориясы жөніндей жалпы түсінігі қалыптасады.

Оқытудың нәтижесі: А) болашақ мамандар машиналардың сапалы жұмыс жасау жағдайында арнайы автомобильдердің техникалық талаптарға сәйкестігі; В) техникалық

көрсеткіштерін реттеу арқылы машина мен механизмдерінің жұмыстарын дұрыстау; С) машиналардың сипаттамаларының көрсеткіштерін анықтауға есептеулерді жүргізуді біліп меңгеру. D) Сенімділік мәселелерін шешу әдістерін қолдануға практикалық дағдыларын қалыптастыру үшін практикум жоспарланған. E) кешенді қосылыстарын құрылымын біліп, атай білуге міндетті.

Модуль 8.1 - Көліктегі автоматтандыру және қызмет көрсету

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пән атауы: Газ-баллонды жабдықтардың құрылысы және техникалық баптау

Бағдарлама авторы: Каукаров А. К

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің газ-баллонды жабдықтардың құрылысы және техникалық баптау бойынша білім мен іскерлікке ие болуы.

Пәннің қысқаша мазмұны Газ баллонды автомобильдер туралы жалпы мәліметтер. Газ баллонды автомобильдер туралы жалпы мәліметтер. Автомобиль көлігінде қолданылатын газ тәрізді отындардың түрлері мен қасиеттері. Газ баллонды жабдық (ГБЖ) құрылғылары. Газды дизельді қуат жүйелерінің құрылғылары. Автомобильдерге газ баллон жабдықтарын орнату. Газбен жабдықтау жүйелерінің ақаулары. Газ жабдығының ақауларын диагностикалау. ГБЖ-ға техникалық қызмет көрсету және жөндеу. ГБЖ-ға техникалық қызмет көрсетуді, жөндеуді және сақтауды ұйымдастыру. ГБЖ пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сақтау кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Газ баллонды автомобильдерді пайдаланудың экономикалық және экологиялық тиімділігі.

Пререквизиттері: Қазіргі заманғы көлік құралдары, Автосервистік қызмет көрсету, Автопайдалану материалдары

Постреквизиттер: Көліктің арнайы түрлері, Көліктің негізгі құрылымдық жүйелері, Дипломдық жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) нормативтік құжаттардың негізгі анықтамаларын, ережелерін, газ баллонды жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктері мен тәртібін білу, В) көлік құралдарының әртүрлі түрлерімен және нормативтік-техникалық құжаттамамен жұмыс істеу дағдыларын игеру, С) газ баллонды автомобильдерді пайдалану жұмыстарын жүргізу тиімділігін арттыру мақсатында техникалық-экономикалық және басқарушылық шешімдер қабылдау.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Автокөліктің электр жабдықтары

Бағдарлама авторы: Ахметов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Автокөліктегі электржабдықтары бойынша кәсіби білімінің негізін беру және қазіргі электржабдықтары құралдары деңгеймен танысу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән мамандарға кәсіби білімінің автокөліктегі электржабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу үшін мамандардың негізі болып табылады. Пәннің білімдері білімгерлерге электрмен қамтамасыз ету жүйесін; от алдыру жүйесін; іске қосу жүйесін; жарық беру жүйесін; жарықтандыру сигнализациясы; ақпараттық – диагностикалық жүйесін; көлік техникасы агрегаттарын электронды басқару жүйелерін; қосымша электржабдықтарын; электржабдықтарының сұлбаларын, коммутациялық және қорғаныс аппаратурасын пайдалану кезінде қажет болады.

Пререквизиттері: Физика; Электротехника және электроника негіздері; Заманауи көлік құралдары; Автосервистік қызмет көрсету; Материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы.

Постреквизиттері: Көліктің арнайы түрлері; Автокөліктегі автоматты басқару жүйелері.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Елдегі және шет елдердегі көлік техникалары электржабдықтарының даму тенденциялары мен жағдайы туралы білу; В) ӨЭЕМ (ПЭВМ)

бағдарламаларды және жабдықтарды тиімді қолдану; С) Қазіргі электжабдықтарды қолдану; D) Электжабдықтарды құрастыру әдістерімен, нәтижелерді өңдеу мен талдауын пайдалану; E) Электжабдықтар жүйелерді зерттеу мен есептеуін түсіну.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Көліктің арнайы түрлері

Бағдарлама авторы: Ахметов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән автомобиль көлігі кәсіпорындарындағы инженердің одан әрі қызметіне қажетті автомобильдердің көліктің арнайы түрлерінің, құрамының және конструкциясының ерекшеліктері бойынша білімді меңгеруі болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән автомобильдердің арнайы жылжымалы құрамын жобалау, құрастыру, есептеу және сынау мәселелерін қарастырады, конструктивтік сызбаларды таңдауда, тораптардың, механизмдер мен жүйелердің жұмысын талдау және бағалауда әдістемелік тәсіл беріледі. Арнайы жылжымалы құрамының елеулі ерекшеліктеріне байланысты оларды есептеудің, құрастырудың және құрудың көптеген мәселелері тиісті білім бағдарламасының білім алушылар үшін одан әрі шешуді және жүйелендіруді талап етеді.

Пререквизиттері: Заманауи көлік құралдары; Материалтану және конструкциялық материалдар технологиясы; Көлік техникасының сенімділігінің негіздері; Көлік техникасын техникалық пайдалану негіздері; Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары; Автокөліктің электр жабдықтары.

Постреквизиттері: Көлік құралдарының динамикасы және пайдалану қасиеттері; Көлік құралдарын техникалық баптау және жөндеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер А) Көліктің арнайы түрлері құрамының дамытудың негізгі ғылыми-техникалық проблемалары мен перспективалары туралы түсінікке ие болуы; В) Елдегі және шет елдердегі автомобильдердің арнайы жылжымалы құрамы құрылымының жағдайы мен даму тенденцияларын, конструктивтік ерекшеліктерін білу; С) Көліктің арнайы жылжымалы құрамының қосымша тораптары мен агрегаттарының құрылымын білуі; D) Автомобиль конструкциясының техникалық деңгейін бағалай білу; көліктің арнайы түрлері құрамының жаңа құрылымдарын өз бетінше меңгере білу; E) Эксперименттер нәтижелерді талдау және өңдеу жүргізуін қолдану.

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Автокөліктегі автоматты басқару жүйелері

Бағдарлама авторы: Ахметов Б.К.

Курсты оқытудың мақсаты: Автокөліктегі автоматизация бойынша кәсіби білімінің негізін беру және қазіргі автоматизация құралдары деңгеймен танысу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән мамандарға кәсіби білімінің автокөліктегі пайдалану және тасымалдау бойынша негізі болып табылады. Пәннің білімдері білімгерлерге автоматизация жүйелерін ұйымдастыруын; ақпаратты алу құрылғыларын; күшейткіштерін; орындаушы құрылғыларын; АБЖ ақпараттық қамсыздандыру; көліктік үрдісті ақпараттық қамсыздандыруын; көлікте әр түрлі байланыс жүйелерді қолдану жерлерін; көліктік мекемелердің салалық АБЖ; автомобиль көлігін автоматтандырылған басқару жүйелері (АК АБЖ) және оның құрылымын; АБЖ экономикалық тиімділігін пайдалану кезінде қажет болады.

Пререквизиттері: Физика; Электротехника және электроника негіздері; Заманауи көлік құралдары; Көлік техникасының энергетикалық қондырғылары; Автокөліктің электр жабдықтары.

Постреквизиттері: Көлік құралдарының динамикасы және пайдалану қасиеттері; Көлік құралдарын техникалық баптау және жөндеу.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Елдегі және шет елдердегі көлік техникалары автоматизацияның даму тенденциялары мен жағдайы туралы білу; В) ақпаратты алу құрылғыларын тиімді қолдану; С) Көлікте әр түрлі байланыс жүйелерді қолдануды білу; D) Көліктік мекемелердің салалық АБЖ-ні түсіну; Е) Автомобиль көлігін автоматтандырылған басқару жүйелері (АК АБЖ) және оның құрылымын пайдалану.

Модуль 8.2 Көлік саласын автоматтандыру (20 академиялық кредит)

Дублин дескрипторлары А) В) С) D) Е)

Пәннің атауы Көліктің негізгі құрылымдық жүйелері

Бағдарлама авторы Куанышев М. К

Пәннің мақсаты: жүк және жолаушылар тасымалдары бойынша тасымалдау процесі үшін көлік жүйесін пайдалану нұсқасын тиімді қалыптастыру, тасымалдау процесінің барлық қатысушыларын нарықтық экономика жағдайында тиімді жұмыс істейтін бірыңғай өндірістік-шаруашылық жүйеге біріктіру дағдыларын меңгеру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін көлік құралдарының құрылымдық ерекшеліктері. Автомобильдің құрастыру параметрлері. Бірыңғай көлік жүйесі. Қазақстанның көлік жүйесі. Қызмет түрлері, оларды ұсыну процесі, нормативтік-құқықтық реттеу. Көлік түрлері. Көлік құралы туралы түсінік. Елдің көлік жүйесінің инновациялық дамуының қазіргі заманғы үрдістерін пайдалануға ұмтылу. Автожол жылжымалы құрамының түрлері мен жіктелуі. Темір жол жылжымалы құрамын жіктеу, техника мен түрлі жаңа салмақты жабдықтарды есептеу және пайдалану. Тартқыш жылжымалы құрамның құрылысы мен жұмыс істеу қағидаттары. Автомобильдің негізгі құрылымдық элементтері. Қозғалыс кезінде автомобильді бақылау тетігі. Жол жағдайларында тексеру кезінде жұмыс тежегіш жүйесімен АТС тежеу тиімділігі. БҰҰ ЕЭК ережелерінде қабылданған автокөлік құралдарының жіктелуі.

Пререквизиттер: Сызбалық геометрия және инженерлік графика. Көтергіш-көлік машиналары. Жоғары математика. Машина бөлшектері. Қазіргі заманғы көлік құралдары.

Постреквизиттері: Көлік құралдарының динамикасы және пайдалану қасиеттері. Көлік құралдарын жөндеу технологиясы. Көлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және диагностика.

Күтілетін нәтижелер: А) теориялық және практикалық кәсіби міндеттерді шешу үшін базалық ғылыми-теориялық білімді қолдана білу; В) әртүрлі көлік түрлеріне көліктік қызмет көрсету аспектілерін бағалай білу; С) салыстырмалы талдау дағдыларын игеру; D) Қазақстан Республикасында тарифтік саясатты қалыптастыру және көлік қызметінің инновациялық технологияларын дамыту кезінде олардың техникалық-экономикалық параметрлерін пайдалана отырып, көлік түрлерінің құрылымдық элементтерін бөліп шығару қабілеті; Е) елде жүк және жолаушы тасымалдарын орындау кезінде көлік жүйелерін құру және пайдалану схемаларын әзірлей білу және елдегі көлік жүйесін ұйымдық дамыту негізінде көрсетілетін қызметтер сапасының критерийлерін бөле білу және барлық жұмыстарды иеленуге және атауға міндетті.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) Е).

Пәннің атауы: Теміржол көлігінің электр жабдықтары

Бағдарлама авторы: Имагамбетов М.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: Тартымды электр жетектерінің, электромеханикалық және электромагниттік энергия түрлендіргіштерінің теориясы, сипаттамалары және конструкциясы, оларды темір жол көлігінде қолдану туралы білімдерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Электр жетек жүйелерін жобалау және темір жол жылжымалы құрамының электр жабдықтарын таңдау принциптері. Электр машиналарының негізгі түрлері, олардың жұмыс істеу принциптері, оларды басқарудың қазіргі әдістері.

Пререквизиттері: Жоғары математика, Физика, Көліктегі электр жабдықтары және автоматика.

Постреквизиттері: «Теміржол көлігінің электр жабдықтары» пәнін оқу нәтижесінде алынған білім дипломдық жобаларды орындау кезінде қажет.

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Электр машиналары мен трансформаторлардың конструкциясы, жұмыс істеу теориясы және сипаттамалары, әртүрлі мақсаттағы электр машиналарының конструкциясы, параметрлері мен түрлері; В) Әртүрлі жағдайларда жылжымалы құрамның электр жетегіндегі процестерді сипаттау үшін физикалық заңдылықтарды қолдана білу; С) Тұрақты және айнымалы ток электр жетектерін есептеу дағдылары. D) Темір жол жылжымалы құрам құрылғылары үшін трансформаторлар мен қозғалтқыштардың түрі мен қуатын таңдау.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Жол құрылыс машиналары

Бағдарлама авторы: Таханова Г.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандарды құрылыстағы механикаландыру құралдарымен таныстыру, студенттерге пәннің теориялық негіздерін, техникалық-экономикалық есептердің негіздерін беру.

Пәннің қысқаша мазмұны (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атулары): Жол құрылыс машиналарының құрылыстағы ролі. Пәннің міндеттері. Құрылыстағы жұмыстарды механикаландыру міндеттері. Жол құрылыс машиналары туралы жалпы мәліметтер. Жол құрылыс машиналарының классификациясы. Станоктың жалпы құрылымдық схемасы. Жол-құрылыс машиналарының негізгі элементтері: жұмысшы, қуат, жүріс жабдықтары, трансмиссиялар, басқару жүйелері, рамалары. Жол құрылыс машиналары мен механизмдерін қолдану аясы. Жол құрылыс машиналарының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері. Жол-құрылыс машиналарына қойылатын талаптар. Машина бөлшектері. Көлік, тасымалдау және тиеу-түсіру машиналары. Көлденең жолсыз көліктер. Жер жұмыстарына арналған машиналар. Қол және әрлеу машиналары. Жол құрылыс машиналарын пайдалану және жөндеу.

Пререквизиттер: Математика I, Инженерлік механика I, Автосервистік қызмет көрсету

Постреквизиттер: Көтеру-тасымалдау және жол-құрылыс машиналарын жобалау негіздері. Техникалық қызмет көрсету станцияларын жобалау

Оқытудан күтілетін нәтижелер: техникалық прогрестің әсерінен жол-құрылыс машиналарының даму перспективалары туралы түсінік қалыптастыру; С) құрылыстағы технологиялық процестерді механикаландыру үшін қолданылатын машиналар мен жабдықтардың жалпы құрылымы, негізгі түрлері мен параметрлері, машиналардың жұмыс процестері, олардың негізгі және ауыстырылатын жұмыс жабдықтарымен технологиялық мүмкіндіктері, ең жоғары өнімділікке жету шарттары, ережелері туралы білімдерін дамыту. машиналарды іске қосу, қауіпсіз пайдалану әдістері; С) нақты технологиялық процестерді тиімді механикаландыру үшін жол-құрылыс машиналарының түрі мен параметрлерін негізді және дұрыс таңдауға, еңбек өнімділігін есептеуге, жол құрылыс машиналарының жұмыс режимдерін талдауға және анықтауға, оларды ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға үйрету; D) профилактикалық тексеруді және ағымдағы жөндеуді ұйымдастыру, іске қосылған жабдықты қабылдау және меңгеру, жабдық пен қосалқы бөлшектерге сұраныстар ресімдеу, жабдықты пайдалану және жөндеу бойынша техникалық құжаттама мен нұсқаулықтарды дайындау; E) жабдықты тәжірибелік сынау әдістерін және технологиялық қамтамасыз етуді білу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E).

Пәннің атауы: Поезд қозғалысын автоматты басқару жүйелері

Бағдарлама авторы: Имагамбетов М.Б.

Курсты оқытудың мақсаты: «Поезд қозғалысын автоматты басқару жүйелері» оқу пәнін игерудің мақсаты жалпы пайдаланудағы темір жол желілерінде поездардың қозғалысын реттеу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылғыларды, жұмыс принциптерін және құрылғыларды пайдалану болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Поездар қозғалысын реттеу жүйелерінің тағайындалуы және жіктелуі. Қозғалысты реттеу жүйесінің құрылымдық сұлбасы. Поездар қозғалысын бағдарламалық реттеу принципі. Автобұғаттау кезінде Поездар қозғалысын аралық реттеу. Автобұғаттау және оның ақаулықтары кезінде поездардың қозғалысын ұйымдастыру. Автостоптар және қауіпсіздіктің локомотивтік құрылғылары. Поездық және маневрлік жұмыста байланыс құралдарын пайдалану.

Пререквизиттері: Жоғары математика, Физика, темір жол станциясының жұмыс технологиясы.

Постреквизиттері: «Поезд қозғалысын автоматты басқару жүйелері» пәнін оқу нәтижесінде алынған білім дипломдық жобаларды орындау кезінде қажет.

